## "Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 ақпандағы N 291 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 ақпандағы N 245 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 ақпандағы N 291 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

## Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 ақпандағы N 291 өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық бюджет комиссиясының құрамы туралы" 2002 жылғы 7 ақпандағы N 291 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 43-құжат; N 25, 258-құжат; N 40, 406-құжат; 2003 ж., N 27, 251-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Президентінің көрсетілген өкімімен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Әйтекенов Қайрат Медібайұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы;

мынадай:

"Ахметов Даниал Кенжетайұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Марченко Григорий Александрович - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары"

мынадай:

"Есімов Ахметжан Смағұлұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі, орынбасар"
деген жолдағы "орынбасар" деген сөз "төрағаның орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай:

"Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі бюджет саясаты және жоспарлау департаментінің директоры, хатшы",

"Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау бірінші вице-министрі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Сұлтанов Бақыт Тұрлыханұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, хатшы",

"Коржова Наталья Артемовна - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі",

мынадай:

"Марченко Григорий Александрович - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Төрағасы"

деген жол алынып тасталсын;

көрсетілген Комиссия құрамынан: Павлов Александр Сергеевич, Дунаев Арман Ғалиасқарұлы, Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы шығарылсын.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК